ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН - БІР ЖОЛ - ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

# Ясауи университеті

a.yassaui@mail.ru

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

№06 (452), 31 наурыз 2018 жыл

ОҚУ/ ҒЫЛЫМ
ЗАМАНАУИ МЕДИЦИНА САЛАСЫНА АРНАЛДЫ
02

ҒЫЛЫМ/ БІЛІМ
«АТАМЕКЕНГЕ КЕЛУ МЕН ҮШІН ҮЛКЕН МӘРТЕБЕ»
03

ОҚУ/БІЛІМ
ЗАҢДЫ БІЛУ ЗАМАН ТАЛАБЫ
04

МӘСЕЛЕ
XXI ҒАСЫРДЫҢ ІНДЕТТЕРІ
05

## БРИФ-ХАБАР

### ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ ХИКМЕТТЕРІНІҢ ТҮПНҰСҚАСЫ ТАБЫЛДЫ

Ясауитанушының айтуынша, жеті ғасырға жуық сақталып келген құнды жәдігердің түпнұсқасында жарыққа шықпаған қаншама дүниелер мол. Алдағы уақытта аталған құнды жәдігерді Астана қаласындағы Ұлттық сирек кітаптар мен қолжазбалар орталығында аударма жұмыстарын жасату жоспарлануда.

» 02

### ЖАСТАР ЕЛШІМЕН ЖҮЗДЕСТІ

Кездесу барысында елші ауғанстандық жастардың Қазақстанның мәдениеті мен дәстүрін құрметтеп, заң ережелерін сақтап, жақсы білім алуға шақырды.
Құрметті мейман студенттерге оқуда сәттілік тілеп, алған білімдерін екі ел арасындағы қарым-қатынасты одан әрі нығайту үшін жұмсау керектігін айтты. Сонымен қатар осындай Халықаралық университетте білім алуларына мүмкіндік берген Қазақстан еліне, университет басшылығына алғысын білдірді.

» 02

### «ӨЗІҢЕ СЕН, ӨЗІҢДІ АЛЫП ШЫҒАР...»

Абай атамыз айтқандай : «Өзіңе сен, өзіңді алып шығар, Еңбегің мен ақылың екі жақтап» - деген ой ұнайды. Мақсатың айқын болса, армандарыңа жетесің деп ойлаймын. Мысалы, Польшаға бару, осы Түркістанда жүріп, шынымен маған арман болды.

» 03

### ҚЫТАЙДАҒЫ БІЛІМ АЛУ ЖҮЙЕСІ

2016 жылғы статистика бойынша Қытай еліндегі шетелдік студенттерге арналған стипендияға ең көп ие болған елдердің алғашқы ондығы мынадай: Пәкістан, Моңғолия, Ресей, Вьетнам, Тайланд, АҚШ, Лаос, Оңтүстік Корея, Қазақстан және Непал. 2016 жылы «Бір белдеу, бір жол» жобасы аясында мемлекеттік стипендияға ие болған шетел студенттерінің саны 2012 жылмен салыстырғанда 8,4 пайызға өсіп, жалпы 61% құрады.

» 04

## МӘДЕНИ МҰРА РУХАНИ ҚАЗЫНАМЫЗ

**Жақында Мәдениет орталығының үлкен залында жыршы, термеші, сазгер, философия ғылымдарының кандидаты Жәкен Омаровтың «Адамның хикмет кеудесі» атты лекция-кеші өтті.**

Аталмыш шараның ұйымдастырушысы – Ясауи ғылыми-зерттеу орталығы және «Темірқазық» студенттік клубы. Ақын-жырау Майлықожа Сұлтанқожаұлының шығармашылығына арналған шараның мақсаты – Түркі халықтарының ортақ университеті болып табылатын университетіміздегі студенттерге түркілердің ортақ тарихы мен мәдениеті, дініне қатысты дөңгелек үстелдер, іс-шаралар өткізіп, түркі халықтарының ортақ тарихы мен мәдениеті, дініне қатысты мәселелерді көтеріп, олардың арасындағы туыстық, сабақтастық мәселелеріне қатысты ой салу, туыстық сезімдерін ояту. Сонымен бірге, қазіргі күні түркі халықтарындағы ортақ мәселелер мен оларды шешу жолдары қарастырылатын болады.

Кеш-лекцияның ашылу салтанатында «Темірқазық» клубының жетекшісі – Ясауи ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері, доцент Зікірия Жандарбек, Ясауи ғылыми-зерттеу орталығының директоры, Діндану кафедрасының профессоры Досай Кенжетай, Майлықожа ұрпағы болып табылатын оның мұраларын зерттеуші Сейіт Омар Саттаров сөз сөйлеп, имандылыққа шақыратын тәрбиелік мәні зор шара туралы қысқаша тоқталды. Кешке Ұйымдастыру және тәрбие ісі жөніндегі проректор Бақытжан Мұхамеджанов, Қаржы және даму істері жөніндегі вице-президенті Мұстафа Эрен, айтыскер ақын Бекарыс Шойбеков және университеттің оқытушы-профессорлары, студенттер мен қала қонақтары қатысты. Сондай-ақ кеште Жәкен Омаров «Ойланайық бауырлар», «Уәдең елге жақпас бекер келсе», «Жақсы болсын жұбайың», «Ата-ананың қадірі», «Жақсы бір адам картайса», «Білесің таңның атарын», қызарып күннің батарын», «Құдіретін көрсең Құдайдың», «Біздің елдің жігіттері», «Жұмақ пен тозақ таласы» сынды терме, хикметтерді мақаммен орындады. Сонымен қатар Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясынан арнайы келген өнерпаз жігіттер Бекарыс Шойбековтың «Жамалым» әнін және Жәкен Омаровтың жыр термелерін орындады.



Жәкен Омаровтың айтуынша, біздің мақсат – терменің мақамдарын жастардың бойына сіңіру және кейінгі толқынға мәнді дүниені жеткізіп, мұра етіп қалдыру. Көпшілік қауым ғибратты кештен ерекше әсер алып, жыр-терменің үнін тамсана тыңдап, жақсы әсерде тарқасты. Кеш соңында Ұйымдастыру және тәрбие ісі жөніндегі проректор Бақытжан Мұхамеджанов Жәкен Омаровты «Ясауи» төсбелгісімен марапаттады.

**ЯУ-ақпарат**

## КОНФЕРЕНЦИЯ БОЛАШАҚ СТОМАТОЛОГТАРҒА АРНАЛДЫ

**Стоматология факультетінің «Dental Way» клубының ұйымдастыруымен «Стоматологиялық тәжірибеде жүкті әйелдердің жағдайы» — атты студенттік ғылыми-теориялық конференция өтті.**



Конференцияны «Dental Way» клубының төрағасы, Стоматология факультетінің 3-курс студенті С.Умаров жүргізді.

Ашылу салтанатында І вице-президент, профессор М.Куталмыш, Даму және қаржыландыру жөніндегі вице-президент, профессор М.Эрен ғылыми шараның маңыздылығы жайлы, Стоматология факультетінде студенттер сапалы білім алу үшін барлық жағдай жасалғанын, барлық стоматологиялық құрылғылармен жабдықталғанын айтты.

Сондай-ақ, Стоматология факультетінің деканы, профессор Ю.Түркөз, «Терапиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасының оқытушысы, профессор Е.Түркөз, «Терапиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасының меңгерушісі, жоғары санатты дәрігер-стоматолог М.Искендиров сөз сөйлеп, сапалы қызмет көрсету үшін білім мен тәжірибені ұштастырып, осындай ғылыми жиын өткізудің пайдасын айтты.

Пленарлық мәжілісте Стоматология факультетінің 3-курс студенттері А.Садыков «Профилактические мероприятия полости рта во время беременности женщин», А.Баймбетов «Особенности отбеливания зубов в период беременности», Л.Легусина «Особенности скученных зубов у беременных женщин», Б.Кадыров «Заболевания дёсен и беременность», Р.Шаймерданкулова «Влияние анестезии во время беременности», А.Искакова «Показания и противопоказания удаление зубов у беременных женщин», Р.Забитов «Особенности протезирования полости рта в зависимости от срока беременности» тақырыбында баяндама жасады. Жүкті әйелдердің тіс проблемасы, тіс саулығы, жүктілік кезіндегі тіс күтімі, тағы да басқа өзекті мәселелер қозғалды.

Шара соңында барлық қатысушыларға сертификат табысталды.

**Ақпарат орталығы**

# АҚПАРАТ / ХАБАР

КОНФЕРЕНЦИЯ

## ЗАМАНАУИ МЕДИЦИНА САЛАСЫНА АРНАЛДЫ

**Жуырда оқу ордамызда Медицина факультетінің белсенді студенттерінен құралған Студенттік ғылыми қоғамның ұйымдастыруымен «Заманауи медицина: Дәстүрлер мен инновациялар» атты І Халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті. Басқосуға еліміздің және шетелдің медицина саласының білікті мамандары мен дәрігерлер, жас ғалымдар, жоғары оқу орнының студенттері қатысты.**




Ашылу салтанатында проректорлар Б.Мұхамеджанов пен М.Эрен құттықтау сөз сөйлеп, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Маңызды жиын барысында студенттер мен жас ғалымдардың ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық қызметтегі ғылыми әлеуеті, білімі мен дағдыларын жетілдіру және медицина саласындағы өзекті мәселелері талқыланды. Конференцияның жұмыс бағыттары 3 секция бойынша жалғасын тапты. «Фундаментальды пәндер» секциясы бойынша 11 бағытты, «Клиникалық пәндер» секциясы бойынша 27 бөлімді, «Теориялық пәндер» секциясы бағытында 11 тақырыпты қамтыды. Ғылыми жиынға Медицина факультеті «Хирургиялық аурулар» кафедрасының меңгерушісі М.Жүнісов модераторлық жасады. Конференцияға медициналық білім беру саласы бойынша 100-ге жуық зерттеулер мен ғылыми жұмыстар ұсынылды. Жалпы секция 3 бағытта өтті: Фундаментальды пәндер, Клиникалық пәндер, Теориялық пәндер.

Конференцияда патологиялық анатомия, патологиялық физиология, ішкі аурулар пропедевтикасы, жалпы хирургия, радиациялық диагностика және радиациялық терапия, жедел хирургия, молекулалық биология және медициналық генетика, адам анатомиясы, гистология, эмбриология, цитология, қалыпты физиология, биологиялық химия, микробиология иммунологиямен және вирусологиямен, әскери дайындық және экстремалды медицина, биоорганикалық химия, биофизика, валеология, қоғамдық денсаулық сақтау және денсаулық сақтау, жалпы гигиена және экология т.б. баяндамалар оқылып, өзекті мәселелер талқыланды. Секцияда ұсынылған ғылыми жұмыстар мен үздік баяндама жасаған студенттерге I, II, III дәрежелі диплом және қатысушыларға сертификат табысталды.

## КАФЕДРА КҮНІ ӨТТІ




Таяуда Ғылыми кітапхананың ұйымдастыруымен Жаратылыстану және Инженерия факультетінің оқытушы-профессорлар құрамына «Кафедра күні» өткізілді. Кітапханашылар К.Төребекова мен Т.Есіркепова кітапхана қорына түскен жаңа кітаптарға библиографиялық шолу жасап, мағлұмат берді.Оқытушылар оқу процесіне қажетті алынған оқулықтарға қызығушылық танытты. Сөз соңында Жаратылыстану факультетінің деканы, профессор Г.Баканов бұл шарадан көп мәлімет алғанын айтып, кітапхана қызметкерлеріне алғысын білдірді. Білім мен ғылымның алтын қазығы саналатын кітаптан оқырман қауым мол мағлұмат алары анық.

**Ғылыми кітапхана**

## ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ ХИКМЕТТЕРІНІҢ ТҮПНҰСҚАСЫ ТАБЫЛДЫ



«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейіне Түркия Республикасы, Ыстамбұл қаласынан ясауитанушы ғалым, Қожа Ахмет Ясауидің 27-ұрпағы, «Yesevi ocaklari» журналының бас редакторы Исметулла Ясауи келді. Қорық-мұражайда өткен Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мерекесіне арналған мәдени іс-шара барысында Исметулла Ясауи салтанатты түрде Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикмет» қолжазбасының түпнұсқасын «Әзірет Сұлтан» қорық—музейінің директоры Нұрболат Қадырұлына табыс етті. Кітап 1212 жылы шағатай тілінде жазылған. Ясауитанушының айтуынша, жеті ғасырға жуық сақталып келген құнды жәдігердің түпнұсқасында жарыққа шықпаған қаншама дүниелер мол. Алдағы уақытта аталған құнды жәдігерді Астана қаласындағы Ұлттық сирек кітаптар мен қолжазбалар орталығында аударма жұмыстарын жасату жоспарлануда.

Салтанатты шара Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мерекесін атап өтуге ұласты. Маңызды басқосуға жиналған халық музей ұжымы дайындаған Наурыз көже мен дастарқаннан дәм татып, концерттік бағдарлама тамашалады. Ұлыстың Ұлы күнімен барша қызметкерлерді құттықтаған мекеме басшысы Нұрболат Ахметжанов ясауитанушы Исматулла Ясауиға «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық мұражайы атынан арнайы сыйлықтар табыс етті.

**«Әзірет сұлтан» қорық-музейінің баспасөз қызметі**

ҚЫСҚА-НҰСҚА

## ЖАСТАР ЕЛШІМЕН ЖҮЗДЕСТІ

**Жуырда бір топ делегациямен келген Ауғанстанның Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Кадам Шах Шахим оқу ордамыздағы ауғанстандық студенттермен кездесті.**

Кездесу барысында елші ауғанстандық жастардың Қазақстанның мәдениеті мен дәстүрін құрметтеп, заң ережелерін сақтап, жақсы білім алуға шақырды.

Құрметті мейман студенттерге оқуда сәттілік тілеп, алған білімдерін екі ел арасындағы қарым-қатынасты одан әрі нығайту үшін жұмсау керектігін айтты. Сонымен қатар осындай Халықаралық университетте білім алуларына мүмкіндік берген Қазақстан еліне, университет басшылығына алғысын білдірді.

Сондай-ақ, жастар көкейіндегі сауалдарын қойып, нақты жауаптар алды. Қазіргі таңда оқу ордамызда 41 ауғанстандық жас білім алып жүр.

## КӘСІПТІК МАМАНДЫРУ ЖОБАСЫ

**13-24 наурыз аралығында оқу ордамыздың Клиника Диагностикалық орталығына Түркия Республикасы Анталия Едісу кәсіптік және техникалық Анадолу лицейінің Мейірбике және Денсаулық сақтау қызмет көрсету мамандығының білімгерлері 10 күндік тәжірибеден өтті.**



Ахмет Ясауи университеті мен Анталия Едісу Кәсіптік және Техникалық Анадолу лицейі арасында ынтымақтастық келісімшарт «Кәсіптік мамандандыру» жоба аясында лицейдің 10 студенті оқу ордамыздың Клиника Диагностикалық орталығында 10 күндік тағылымдамадан өтті.

«Кәсіптік мамандандыру» жоба аясында лицей оқытушысы Муниса Өзлу жетекшілігімен университетіміздің Клиника Диагностикалық орталығы мен Медицина факультетінде 10 студент тағылымдамадан өтті. 10 күндік кәсіби тәжірибеден өткен білімгерлер бағдарлама бойынша университет корпустарын және тарихи жерлер мен аймақтарды аралады.

Оқу ордамыздың ректор өкілі, профессор М.Куталмыш және проректор доцент, доктор М.Эрен тағылымдамадан өткен шетелдік студенттерге сертификат пен сыйлықтар табыстады.

**Ақпарат орталығы**

# СҰХБАТ

Жансая ӨНЕРБЕК:

## «АТАМЕКЕНГЕ КЕЛУ МЕН ҮШІН ҮЛКЕН МӘРТЕБЕ»



**Жансая ӨНЕРБЕК–студент. Бүгін біз сөз етпелі отырған кейіпкеріміз Моңғолияның қазағы. Ол Моңғолиядағы Баян-Өлгей аймағында дүниеге келген. Отбасында 7 баланың үшіншісі. Киелі шаһар Түркістанда оқуды арман етіпті. Сондай-ақ, Моңғолияда Педогогика психология мамандығы өте тапшы деседі. Өзінің жан дүниесі қалаған мамандыққа түсуге шетел асып, атамекенде білім алуды мақсат тұтқан. Міне, бүгінде сол арманына қол жеткізіп, аталмыш оқу ордада білім алып жатыр. Міне, сөйтіп Жансая Өнербектен не себепті бұл оқу орнын таңдағанын және студенттік шағы қалай өтуде сол жайлы әңгімелескен едік.**

**– Моңғолияда туып-өстің. Түркістандағы ХҚТУ-да білім алудағы мақсатың?..**

– Ең алдымен, бұл оқу орны жайлы мағлұматты өзімнің туған бауырларымнан естіп, білдім. Олардың бұл университеттен хабардар болу себебі, үлкен ағам Ерболат Жапархан осы оқу орнында Қазақ тілі және әдебиет мамандығын тәмамдаған. Қазіргі уақытта Тараз қаласында ҰБТ-ға студенттерді дайындауда. Ал екінші ағам Ержанат Өнербек – осы университетте ғылыми-физика мамандығы бойынша 3-курста білім алуда. Олар осы Қазақстанда қалуды мақсат етіп отыр. Міне, сөйтіп, менің де осы университетте білім алуға қызығушылығым артты. Себебі, Атамекенге келу мен үшін үлкен мәртебе. Оңтүстік өңірдің бетке ұстар оқу орны саналатын оқу ордамызды таңдап, ата-анамның ақ батасын алып, киелі мекенге жол тарттым. Алдымен бір жыл Кентау қаласындағы дайындық бөлімінде оқып, одан кейін барып тест тапсырып, нәтижесінде шәкіртақыға ие болдым. Ендігі арманым – жақсы маман иесі болу.

**– Студенттік шақ қайталанбас сәт. Осы студенттік шағың қалай өтіп жатыр?**

–Меніңше студенттік кезең өмірдегі ең қызық кезең деп ойлаймын. Иә, қиындығы мен қызығы қатар жүретін, адамның есте қалар ерекше сәттері ғой. Міне, менің де студенттік шағым өте тамаша өтуде. Бұл оқу орын өзіме қатты ұнады. Енді сабақ аздап қиындау. Бірақ сабақтан қалмай, жақсы оқуға тырысып бағудамын. Бос уақытымды тиімді өткізу үшін кітапханаға барып кітап оқимын. Көбінесе, діни кітаптарды оқығанды жақсы көремін. Сондай-ақ Мұқағали Мақатаевтың өлеңдерін көп оқимын. Мәнерлеп оқығанды жан дүниеем жақсы көреді.

**– Болашақта жоспарың қандай?**

– Алла бұйыртса, оқуымды тәмамдаған соң, туған өлкем Моңғолияға оралуды жоспарлап отырмын. Неге десеңіз – өзімнің кіндік қаным тамған жерім мен үшін қымбат әрі ыстық секілді. Сол себепті, елге оралып, ата-анамның жанында болып, сол кісілерге көмектессем деймін. Сонымен қатар жетім мен жесірлерге рухани қолдау көрсетіп, егер қолдан келсе неге қаржылай көмектеспеске деп ойлаймын.

**– Оқуды бітірген соң туған жеріме ораламын дейсің. Онда неге Моңғолияда білім алмадың?**

– Ол жақта бірқатар жоғары оқу орындары бар. Мәселен, Қобда университетінің филиалы және Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан Мемлекетік университетінің филиалы жұмыс істейді. Бірақ Моңғолияда білім алмаған себебім, ол жақта педогогика және психология мамандығы өте тапшы. Ол жақта көбінесе, мұғалім және журналистика мамандығына мүмкіндік көп жасалған. Сондай-ақ оқу орындары ақылы және шәкіртақы жоқ. Бізде оқуға түсу үшін ең жоғары балл – 800 ұпай. Негізі 400-ден аса ұпай жинау қажет. Егер 650-700 ұпай жинасаң, онда 30 пайыз жеңілдік қарастырылған. Ал Қазақстанда білім аламын деген студенттерге көптеген мүмкіндіктер жасалған.

**– Ол жақта мамандығың бойынша жұмыс табу оңай ма?**

– Менің мамандығым бойынша жұмыс табу қиын. Алла бұйыртса, көре жатармыз.

**– Не себепті бұл мамандықты таңдадың?**

– Бұл мамандықты таңдаудағы мақсатым – өз басым адамдарға қол ұшын созуға, көмектесуге жаным құмар. Сол себепті, осы мамандықты таңдадым.

**Әңгімелескен:**
**Жадыра ҚОЖАХМЕТ**

ҰТҚЫРЛЫҚ

Арайлым НҰРЖАНОВА: **«ӨЗІҢЕ СЕН, ӨЗІҢДІ АЛЫП ШЫҒАР...»**



**Университетіміздің филология факультетінің ағылшын-қытай мамандығының 3-курс студенті Арайлым Нұржановамен тілдескен едік.**

**– Арайлым, 2-курста Польша еліне барып қайтқаныңызды білеміз. Осы жайлы біраз деректеріңізбен бөліссеңіз?**

– Иә. Жалпы, мен 2-курстың екінші семестрінде барған едім. Біз арнайы желтоқсан айында «Academic mobility» атты сайыс болған. Іріктеу кезеңінен өттік. 3 кезең болды, соның бәрінен іріктеп өткен едік. Барлығы 1500 қатысушы болды. Бірінші турда 1500 адамнан 44 адамды екінші турға іріктеп алды. Екінші турға 44 адам қатысып, 15 адамның ішінде 8 адам таңдап алды. Бәрі өте қиын болды. Бірінші тур тест болса, Екінші тур сұхбат болса, ал үшінші турда сол Польша еліндегі Skype арқылы сұхбат алды. Сол 8 адамның көбінесе біздің оқу ордамызда оқитын студенттер болды. Әлеуметтік ғылымдар факультетінен 6 студент, ал филология факультетінен 2 студент болды.

**– Барған кездеріңізде қандай қиын сәттерге тап болдыңыздар? Қобалжулар болды ма?**

– Әрине, болды. Ең қиын сәт бармай жатып, құжаттарымызды жинап алды. Бір жарым ай көлемінде құжаттарды дайындап, реттедік. Шынымды айтсам, біз ойладық Қазақстанда құжаттармен қиналсақ, тіпті онда шетелде барғанда одан да қатты қиналамыз деп ойладық. Өйткені жалғыз жүргеннен кейін, қалай құжат дайындау керек екенін білмедік, қорықтық. Бірақ та, шынымды айтсам он есе оңай болды. Өйткені ол жақтағы адамдар, жұмысшылар, университеттердің оқытушылары қалай екенін бәрін түсіндіріп, көмектесті. Жұмысына өте адал кісілер. Маған қатты ұнады. Әрдайым көмекке дайын болатын жандар. Әркез ашық жол көрсеткені мені таңғалдырды.

**– Арнайы шәкіртақы төленді ме?**

– Иә, арнайы шәкіртақы берілді. Он 1 миллиондай болды. Бірақ, шәкіртақы саяхаттағанға, қыдыру үшін, жүру үшін жеткіліксіз болды. Сол үшін мен Қытай мейрамханасында даяшы болып жұмыс істедім. Төрт ай бойы жұмыс істедім. Өз күнімді өзім көріп, тұрған пәтеріме төледім. Саяхаттағанға, сыйлықтар алуға осылай қаржы таптым.

**– Оқу ұнады ма?**

– Әрине, оқу қатты-қатты ұнады. Оқытушылары да өте керемет, өте қарапайым. Өз ісіне шебер, мамандығын білетін адамдар. Мысалы, студент сабақтан қалып, бір тақырыптардан ұмытып немесе білмей қалса сол оқытушы сенімен жеке отырып талқылайды.

**– Қандай елдерге бардыңыздар?**

– Негізі, көп елдерге бардық. Франция, Италия, Испания және Польшаның басқа қалаларына барып қыдырдық. Өте тамаша болды. Естен кетпес естеліктер болып қалды.

**– Еліңізден алыс кеткеніңізде қандай сезімде болдыңыз? Туған жерге деген сағынышыңыз сезілді ме?**

– Әрине, қатты сағындым... Бір ай қалғанда үйімізге қайтқымыз келді. Ата-анамызды, жақындарымызды,тағамдарымызды, етімізді, қазы-карта, жал-жаямызды сағындық. Елге деген сағынышым ерекше сезілді.

**– Арайлым, өмірлік ұстанымыңыз қандай? Осындай жетістіктірге қалай жеттіңіз?**

– Абай атамыз айтқандай : «Өзіңе сен, өзіңді алып шығар, Еңбегің мен ақылың екі жақтап» - деген ой ұнайды. Мақсатың айқын болса, армандарыңа жетесің деп ойлаймын. Мысалы, Польшаға бару, осы Түркістанда жүріп, шынымен маған арман болды. Өйткені тек қана Польша деп армандап жүрген жоқпын жалпы өз мамандығым ағылшын қытай болғаннан кейін сол келешек маман ретінде шетелде тәжірибеден өткім келген. Себебі, бізге өте маңызды. Бізге ол керек болды. Мысалы мен 1-курста өтпей қалдым. Бірақ, өзіме сендім. Өтуім керек деп, өзім мықтап шешім қабылдадым. Дайындалдым . Сосын келесі жылы 2-курста Алланың қалауымен мен Польша еліне іріктеуден өттім. Іріктеуден өткеніме қуанып, кішкене мақсатыма жеткендей болдым. Себебі, сол кезде менің мақсатым айқын болды. Арманымның биік нүктесіне жетуге тырыстым.

**– Тамаша, Арайлым! Бұдан да биік асуларға жетуіңізге тілектеспін! Қызықты сұхбат бергеніңізге рақмет!**

**– Рақмет, Айнұр! Сізге де шығармашылық табыс тілеймін!**

**Сұхбаттасқан: Айнұр ИБРАШЕВА**
**3-курс студенті**

## ТУРИСТІК САПАР ТАШКЕНТ-САМАРҚАНД-БҰХАРА



23-26 наурыз аралығында «Туризм» мамандығының студенттері мен оқытушылар құрамы «Туризм» клубының жетекшісі А.Исаеваның ұйымдастыруымен Өзбекстан мемлекетінің мәдени-тарихи туристік нысандарыментанысумақсатында Ташкент-Самарқанд-Бұхара қалаларында мәдени-тарихи туристік объектілерімен танысты: Әмір Темір музейі, Регистан, Өзбекстан Республикасының алғашқы президенті Ислам Каримовтың кесенесі, Әмір Темір кесенесі, Биби ханым кесенесі, Бұхара қаласындағы көне және тарихи стильдегі базарын көріп, өзбек халқының мәдениеті, ұлттық тағамдары, қолөнерімен танысып, мемлекеттегі тәртіп пен ережелерімен танысып, қалалардың тазалығы мен жайлылығы, қонақжайлылығына таң ғалды. Өзбекстан мемлекеті көршілес мемлекет бола тұра, туризм саласының дамуына керемет мүмкіндіктер жасап жатқандықтары, оның ішінде тапсырыс беруші Қытай Республикасынан келген қонақтармен Ұлы Жібек жолын дамыту жобасы негізінде дайындалған галограмманы тамашалап, куәгері болып қайтты.

Түркістан қаласының мәдени-тарихи туризмін жандандыруды қолға алуды әртүрлі ойлары мен пікірлерімен бөлісті. Өзбекстан Республикасына саяхат Түркістан қаласының тарихи-мәдени туризм саласын жетілдіруде, әрбір студент өз үлесін қосады және де оны нәтижесін береді деген үміттеміз.

# СТУДЕНТ ЖАЗБАЛАРЫ

## АБАЙДЫҢ «ҚАРА СӨЗІНДЕГІ» ЕЛ МӘСЕЛЕСІ

Ұлы Абай атамыздың «Қара сөздерін» парақтасақ, оған ой тастасақ, қазақтың халін, халықтық проблемаларын аңғарамыз. Тіпті, ең бірінші қара сөзі де халықтық мәселемен басталады, біреу емес, бірнеше. Олар: Ел бағу? Жоқ, елге бағым жоқ. Бағусыз дертке ұшырайын деген кісі бақпаса, не албыртқан, көңілі басылмаған жастар бағамын демесе, бізді Құдай сақтасын! Бұдан не аңғарамыз? Яғни ел билеудің айықпас дертке шалдыққандығын, орыстың отаршыл жүйесінің беки бастаған империалистік держава саясатының қазақ халқына өте ауыр тигендігін, ел билеушілердің орысқа жалтақ-жалтақ қарап, жағымпаздықтарын асырып, солардың қолшоқпарларына айналғандығын Абайдың «бізді Құдай сақтасын» дегенінен-ақ байқамау мүмкін емес.

Мал бағу? Жоқ, баға алмаймын. Балалар өздеріне керегінше өздері бағар. Енді қартайғанда қызығын өзің түгел көре алмайтұғын, ұры, залым, тілемсектердің азығын бағып беремін деп, қалған аз ғана өмірімді қор қылар жайым жоқ.

Ертеден-ақ мал аман болса, жан аман деп ғұмыр кешкен көшпелі қазақ халқының мал шаруашылығымен айналысуында да өзіндік проблемалары бар-ды. Бір-бірімен ырду-дырду қазақтардың, бай мен кедейдің арасындағы араздықтардың ортасында қалатын, тіпті тыптипыл боп қырылатын ол – мал басы еді. Оның басы – Барымта еді. Сол барымтаның кесірінен әкесі Құнанбай да бір көзінен айырылған деседі. Осыны түгел айтпай-ақ Абайдың «ұры, залым, тілемсектердің азығын бағып беремін деп, қалған аз ғана өмірімді қор қылар жайым жоқ» деп қысқа қайруынан-ақ түсінгеніміз абзал.

Ғылым бағу? Жоқ, ғылым бағарға да ғылым сөзін сөйлесер адам жоқ. Білгеніңді кімге үйретерсің, білмегеніңді кімнен сұрарсың? Елсіз-күнсізде кездемені жайып салып, қолына кезін алып отырғанның не пайдасы бар? Мұңдасып шер тарқатысар кісі болмаған соң, ғылым өзі - бір тез қартайтатұғын күйік.

Абай – XIX ғасырдың күн секілді шырағы еді. Осы жылдары қазақтың білімге ұмтылған зиялы қауым өкілдері саусақпенен санарлықтай ғана еді. Қазақтың көгін күн сәулесі түспестей қараңғылық жайлаған заман – Абайдың заманы болатын. Сондай надан, қолындағы барын орыстың тиын-тебеніне, тіпті, қоқсық заттарына айырбастап жібере салатын сауатсыз қазақтар өте көп болатын. Өздері білімге ұмтылмаса да, ұрпағын білімді етуге тырыстырмай, өздеріне ұқсатып, ақылсыз қып шығарғысы келетіндері де қаншама еді. Бұны да Абай күйінішпен «Білгеніңді кімге үйретерсің, білмегеніңді кімнен сұрарсың?» деп қысқа қайырады.

Софылық қылып, дін бағу? Жоқ, ол да болмайды, оған да тыныштық керек. Не көңілде, не көрген күнінде бір тыныштық жоқ, осы елге, осы жерде не қылған софылық?

Қазақ ежелден – ақ діні хақ Ислам, мұсылман болатын. Алайда дінді өздерінше түсінетін. Абай заманында дінді толықтай ұғына алмаған дүмше молдалар да қаптаған болатын. Мұны көрген Абайдың да дінге көңілінің аса аумағандығын аңғарамыз.

Балаларды бағу? Жоқ, баға алмаймын. Бағар едім, қалайша бағудың мәнісін де білмеймін, не болсын деп бағам, қай елге қосайын, қай харекетке қосайын? Балаларымның өзіне ілгері өмірінің, білімінің пайдасын тыныштықпенен керерлік орын тапқаным жоқ, қайда бар, не қыл дерімді біле алмай отырмын, не бол деп бағам? Оны да ермек қыла алмадым.

Абайдың тағы қозғаған мәселесі – бала тәрбиесі еді. Қазақтың ежелден ер баланы биікке көтеріп, әспеттеп, ал қыз баласын қолындағы заттай сатып жібере салатын әдеті бар-ды. Бұған да Абай өз көзімен куә болған болатын. Қаншалықты білімді болып өсірсе де баланың мынадай қараңғы қапаста қалған халық арасында құсалықпен өмір кешетініні де мәлім еді.

Осылай Абай ең алғашқы қара сөзін де халықтық мәселелермен бастайды. Алайда Абайдың осы айтқан ұлттық мәселелері бүгінгі күнде де баршылық екендігін жасырудың қажеті жоқ шығар. Абай бүтін ғасыр бұрын жіліктеп жазып кеткен жазбаларынан біз әлі айыға алмай отырғанымыз ба? 100 жылдан да асып кетті. Жүз пайыз жаңаратын кезіміз келді емес пе? Абайды тыңдайық! Өзімізді жөнге салуымыз керек-ақ! «Рухани жаңғыру» десек, Абайдан бастағанымыз абзал!

**Олжас МАХАМБЕТ,**
**1-курс студенті**

## ҚЫТАЙДАҒЫ БІЛІМ АЛУ ЖҮЙЕСІ



Азияда білім алғысы келген шетел студенттерінің басым көпшілігі Қытай Халық Республикасының білім жүйесін таңдайды. Оның басты себептерінің бірі, Қытай елінде білімнің сан алуандығы мен таңдаудың көптігінде. «Қытай үкіметі стипендиясы» қазіргі уақытта «Бір белдеу, бір жол» бағдарламасы жолы бойындағы ел студенттеріне бағытталуында.

2016 жылғы статистикалық мәліметтерге сай Қытай елінде білім алатын студенттердің саны 210000-ға жетті. Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық курсында оқитын студенттер саны жалпы Қытайға келген шетелдік студенттердің 47,7 пайызын құрайды.

Ал енді жоғары оқу орнынан кейінгі білім алатын студенттердің жалпы саны 64000 жетті. Бұл дегеніміз Қытайдағы білім алып жатқан шетел студенттерінің 14,4 пайызын құрап отыр.

2016 жылғы статистикалық мәлімет бойынша Қытай Халық Республикасындағы барлық категориядағы шетелдік студенттердің жалпы саны 570000-нан асты.

«Бір белдеу, бір жол» аясындағы мемлекеттерде басқару жылдамдығы қарқындауда.

2016 жылы шетелден келген студенттер оқуға 205-ке тарта мемлекет пен облыстардан қабылданған. Оқуға келетін студенттердің басым көпшілігін 10 мемлекеттің азаматтары құрайды. Олар Корея, Америка Құрама Штаттары, Таиланд, Пәкістан, Үндістан, Ресей, Индонезия, Қазақсан, Жапония және Вьетнам. «Бір белдеу, бір жол» бағдарламасы аясындағы мемлекеттер студенттерінің жалпы саны айтарлықтай өсті, 2012 жылмен салыстырғанда, Пәкістан, Қазақстан және Таиланд елінен келген студенттер саны рейтинг бойынша бесінші, екінші және бірінші орынға ие болды.

2016 жылы Қытайға білім алуға келген шетел студенттерінің 38,2 пайызы арнайы қытай тілін меңгеруді таңдаған. Бұл 2012 жылғы көрсеткішке қарағанда 15,3 пайызға кем. Шетел студенттерінің қалған 61,8 пайызы қытай тілінен басқа мамандықты таңдаған.

Соңғы жылдары Қытай елінде білім беру, жаратылыстану, техника және ауылшаруашылық саласында білім алып жатқан шетел студенттерінің көбеюі қарқыны 100 пайызды құрады. Ал экономика, батыс медицинасы, әдебиет, заң ғылымдары, менеджмент және т.б. салаларда білім алатын шетел студентерінің саны 50 пайызға көбейген. Техника саласында білім алатын шетел студенттерінің көбеюі динамикасы алда тұр. Олардың саны 52 пайызға көбейген.

Қытайда дайындық факультеттерінде білім алатын шетел студенттерінің арасында батыс медицинасы, техника, экономика және менеджмент секілді салалар аса қызығушылық тудырып отыр. Ал қытай тілі мамандығының рейтингісі соңғы жылдары күрт төмендеп, 2016 жылы 5-орынға ие болды. 2012 жылы дәл осы көрсеткіш бойынша қытай тілі мамандығы 2-орында болатын.

«Қытай үкіметі стипендиясы» халықаралық адам ресурстарын тудыратын ықпалын жалғастыруда. Аталмыш стипендия қазіргі уақытта «Бір белдеу, бір жол» бағдарламасы жолы бойындағы ел студенттеріне бағытталуда. 2016 жылғы статистика бойынша Қытай еліндегі шетелдік студенттерге арналған стипендияға ең көп ие болған елдердің алғашқы ондығы мынадай: Пәкістан, Моңғолия, Ресей, Вьетнам, Таиланд, АҚШ, Лаос, Оңтүстік Корея, Қазақстан және Непал. 2016 жылы «Бір белдеу, бір жол» жобасы аясында мемлекеттік стипендияға ие болған шетел студенттерінің саны 2012 жылмен салыстырғанда 8,4 пайызға өсіп, жалпы 61% құрады.

**Қытай тілінен аударма жасағандар: М.Бабатаева, Ф.Шаймерденова, Ғ. Сануар, И. Каримов, А.Шаймерденова, Ж.Тілешова**
**4-курс студенттері**

## ЗАҢДЫ БІЛУ ЗАМАН ТАЛАБЫ



Заңды білу заман талабы, өз құқығыңды білу арқылы өз басыңды қорғай аласың. Қоғам жаман, адамдар жаман, біреу алдап кетті, енді біреуі менен пара сұрады деп шағымданатындар саны көбеймесе азайып жатқан жоқ. Заңды біліп заң аясында қызмет ететін адам мен заңнан сауатсыз адамның арасын салыстырып көріңізші. Әрине, заңды білген адамның есесі кетпейді, ұтылмайды.

ҚР әрбір азаматы, ҚР Азаматтық ар-намыс, қылмыстық және еңбек кодексінен хабары болуы шарт. Осы 4-кодекстен хабары бар адам, өзін заң шеңберінде қорғай алады. Және жеке басының қауіпсіздігін сақтай алады.

ҚР Азаматтық кодексінің 141-баптың 1-тармағы бойынша мүліктік емес өзіндік құқықтары бұзылған адамның, осы 1-кодекстің 3-бабында көзделген шаралардан басқа, осы кодекстің ережелері бойынша моральдық зардаптарды өтетуге құқылы.

Екінші тармақ, мүліктік емес өзіндік құқықтардың қорғалуын азаматтық іс жүргізу заңдарында көзделген тәртіп бойынша сот жүзеге асырады. Үшінші тармақта осы кодексте көрсетілген құқық бұзған адамның кінәсіне қарамастан, мүліктік емес өзіндік құқықтар қорғалуға тиіс.

143-бап, Ар-намысты, қадір-қасиетті және іскерлік беделді қорғау.

1.Азамат немесе заңды тұлға өзінің ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне кір келтіретін мағлұматтарды таратуын адам олардың шындыққа сай екендігін дәлелдей алмаса, сот арқылы теріске шығаруды талап етуге құқылы.

Қарапайым халықтың құқығы еңбек шартын жасаған кезде, жұмыс берушімен кикілжіңге келген кезде бұзылады. Жалақыны уақытында алмау, қызметінен себепсіз босату, зейнетақы қорына ақша бөлмеу секілді бірнеше себептер табылып жатады.

Мұндай жағдайдың бірнеше рет қайталанып жатқанына өздеріңіз куәсіздер. Біз халыққа ақыл айтатын құқығымыз жоқ, қоғамды ауруынан айықтыратын дәрігер емеспіз. Тауық сойсада қасапшы сойсын деп заңгерлерге құлақ түріп көрдік. Заңгерлердің пікірінше 90% қателік адамдардың өзінде дейді, өздері білмейді, білгеннің тілін алмайды. Ұзын сөздің қысқасы, жауапкершілікті сезінбей, әр іске жеңіл көзқараспен қарауымыз өзімізге кесірін тигізуде дейді.

**Өркен МЫРЗАБЕК,**
**3-курс студенті**

# СТУДЕНТ ЖАЗБАЛАРЫ



## БАЛА МАХАББАТ НЕМЕСЕ «КЕЗДЕСПЕЙ КЕТКЕН БІР БЕЙНЕ»

«Адам жанының ең сұлу, ең асыл сезімі, жас ғұмырдың жалынды әні-махаббат» деген еді жазушы Әзілхан Нұршайықов.

«Жатақхана... Шатыр... Тыныштық әлемі... Табиғаттың тылсым үндері ғана құлағыма естіліп тұрғандай... Есіме сіздің есіміңіз қайдан келе қалғанын қайдам, жүрегім тыныштық табар емес... Табиғаттан сіздің кескініңізді жасап алып тұрғандаймын... Менің сізге деген балдай тәтті сезімім ерекше еді. Сонда-аай аппақ, мөп-мөлдір, тұнықтай бала махаббатым менің! БАЛА МАХАББАТЫМ! Қайта оралар ма екенсіз? Кім біледі? Әй, қайдам-ау!...Оралмассыз! Білемісіз, махаббат түрліше өрбиді екен... Әуелгісі, бала махаббат, одан кейінгісі шала махаббат, соңғысышынайы махаббат. Расымен, осылай-ау!... Ал, мен сізді қашан ұнатқанымды білесіз бе?!

Сона-аау, алтыншы сыныпта. Кіп-кішкентай болып алып, махаббаттың не екенін қалай ұққанмын ә?! Шашымды екіге буып алып жүретін едім... Сенесіз бе, сізді алтыншы сыныптан бастап он бірінші сыныпқа дейін ұнаттым... Алты жыл бір сыныпта оқып, сезімімізді айта алмай кеттік. Сізде мені ұнатқансыз... Мен сезетінмін... Бір-бірімізге ұнататынымызды айта алмай кеттік-ау!... Қызық еді-ау, сол шақ! Шіркін, кері қайтарып алсам ғой... Бәрі басқаша болар еді! Нәзік жүрегім сол кезде әлі балаң жүрек болса да, сізді болашақ жарым деп елестейтін едім... Кейбір адамдарда болады ғой, мектеп кезден бастап жұптасып, соңы шынайы махаббатқа ұласатындығы... Бала махаббатым, мен осыған кәміл сенген едім... Өкінемін... Кейде еске алып, күліп те, жылап та аламын... Жетінші немесе сегізінші сынып болу керек, мен сізге хат жазғанмын. Ұят тірлік еді. Қыз бала бола тұра, неге хат жаздым әлі күнге дейін ойланамын. Шығармашыл адам болғаннан соң ба, біртүрлі шабытым ояныл, қолыма көк сия мен ақ парағымды алып, сізге сезімімді жайып салған едім... Ол хатты қалай алып едіңіз? Перизаттан алдыңыз ғой... Информатика сабағында бір топта болған едіңіздер. Сонда мен таңертең Перизат екеуміз жолығып қалып, осы хатты сол қыздан беріп жібергенім есімде... Хат жазғаным дұрыс емес деп, хатты жыртып тастағым келді... Перизатқа түсіндіргенімде, ол хатты бергенін дұрыс болар деп ымдады. Сосын мен оны мақұлдап, келісе кеттім... Келесі сабақта бәріміз сынып болып отырдық... Артта сіз және сыныптағы балалар болып жиналып отырған едіңіздер. Хатты қайта қайта оқып, күле бердіңіз... Күле бердіңіз... Сондағы менің ақ пейілді, таза сезімім күлкіге айналған ба деп ойладым. Өз-өздігімнен ұялып, кірерге тесік таба алмай, қатты қымсындым. Жылағым келіп кетті. Осыны оқып, бір сыныптас бала: «Айнұр, роман жазыпсың ғой... Мағанда жазып берші! Менде сүйікті қызымды бір тебірентіп алайын!» ә деп мысқылдай жөнелгенде, оған не дерімді білмей қалдым... Иә... Шіркін, зымырап өткен уақыттарай!... Бұдан да басқа, қызықтар болды... Сіз осыларды еске алатын шығарсыз деген ойдамын...

Уақыт өлшеусіз екен... Ағын судай кете барады екен... Сол жылдарым үшін, мектептегі қызықтарым үшін сізге рақмет! Пәк сезімді сездірте алғаныңыз үшін тағы да рақмет! Демалысқа шыққанымда, ауылға барып тұрамын... Сонда, сыныптастар болып жиналғанымызда, сізді көрдім. Өзгеріп кетіпсіз... Бұрынғыдай ыртың жыртың қылық та байқалмады... Арасында маған үн қатып қоясыз...Онда да, кішкентай ғана секундтық әңгіме... Барлығымен әзілдеп,ойнап сөйлесесіз... Маған келгенде басқаша адам кейпіне енесіз... Неге?

...Бала махаббатым!.. Хатымды осы жерден тоқтатайын. Кездеспей кеткен бір бейне болмай, сыныптастар болып жиналғанымызда жүздесіп тұрайықшы! Бірақ, жүрегімнің ішіне емес... Жүрегімнің түкпіріне кездеспеңіз... Кездейсоқ тоғысып қалса, қиын болары сөзсіз... Бала махаббатым!...»

Осылай шатырдан, тыныштық әлемінен біржола кетіп, күйбең тірлікке кеттім... Қазір қоғам әлсіз ғой. Сезімді түсінбейді. Ұлы махаббатты да сезінбейді. Бәрі алдамшы дүние... Әп-сәтте күл болады да, жоғалады. Осындай сезімсіз жүректен қорқамын... Сондықтан тыныштық әлемімен, табиғат сырымен үндесіп көрейін деп шештім... Бөлкім, маған осылар бір көмегін берер деп... Иә, берді... Балауса махаббатымды еске түсіргізді! Айрықша сезімде болдым... Сабыржанға деген ерекше бала махаббатым есімде қалып, өздігімнен бір күліп, бір мұңайдым...Осыны сезінудің өзі маған бір бақыт! Егер мен адам емес, бұтақтағы әнші бұлбұл құс болсам... Ән шырқап, барлық-барлық әлемдегі адамдарды МАХАББАТҚА шақырар едім... Таңнан бастап сайрай беретін едім... Себебі, махаббатты сезінбеген адамда ЖҮРЕК жоқ...

**Айнұр ИБРАШЕВА,**
**3-курс студенті**

## КІНДІК ҚАНЫМ ТАМҒАН ЖЕР

Туған жерім Жайыртау
Екі өркешті Айыртау.
Айыртаудан сұм тағдыр,
Тірідей мені айырды-ау! депті ақын Жәркен Бөдеш. Бұл нағыз сағыныштан туған жүрек сөзі. Ал жүректен шыққан сөз жүрекке жол тартады. Әр адамның туған жері туралы, ойламау, сағынбау мүмкін емес. Өйткені сол туған жердің қазығына кіндігім байланған, ал енді оны үзіп кетер құдірет пенде баласының қолынан келмесе керек. Менің де туған жерге деген сағынышымның сазды күйі санамда шертулі, бұл күйдің бастауы барда тоқтауы жоқ ұзақ күй болатыны даусыз. Адам баласын сағыныштың жұмсақ лебі сипап өтпей қоймайды, олай болуыда жақсы. Өйткені жазушы Шыңғыс Айтматовтың «Адам баласының сағынышы үзілген сәттен бастап адам болуданда қалады». Лайым бізді сағыныштан айырмасын. Әмин!

